

**Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық
жүргізу құқығындағы «№2 Оңалту орталығы» мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорны**

Шымкент қаласы

05.06.2025 ж.

Жемқорлық – індет, онымен күресу – міндет!

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Сыбайлас жемқорлық - бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде бір мемлекеті, бірде-бір саяси жүйе, бірде бір саяси тәртіп қорғалған емес. Сондықтан, бұл індетке бірлесе қарсы тұруымыз керек.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы» Заңы сыбайлас жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол « Мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, тікелей өзі немесе делдал арқылы өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүлікті пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу».

Сыбайлас жемқорлықтың зардаптары:

- қоғамның бақытты болашағын тежейді;
- елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді;
- жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді.

1998 жылы 2 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң қабылдады. Қазақстанда сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік-құқықтық актілерде қабылданды.

Оларға «Мемлекет қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңдары жатады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің өкілеттіктерді теріс пайдалану

Коммерциялық сатып алу

Қызмет өкілеттілігін теріс пайдалану

Билікті немесе қызметтік өкілеттілікті асыра пайдалану

Пара алу

Қағидада қызмет өкілеттілігін теріс пайдалану дегеніміз – ол қызмет адамның қызмет бабына байланысты берілген міндеттермен құқықтарды жүзеге асырумен байланысты және оның уәкілеттілігінен асып түсетін іс-әрекеті. Қызмет өкілеттілігін теріс пайдаланудың нақты түрлері лауазымды тұлғаның сан алуан іс-әрекеті аясында болуы мүмкін.

Ел болып еңсемізді көтеріп, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылды, елбасымыздың көреген саясатының арқасында мемлекетіміздің тамыры тереңге тартып, нығая түсуіне бағытталған құқықтық заңнамалар қабылданып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнын айқындады. Ең алдымен сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізуді мектеп табалдырығынан бастау қажет, яғни өскелен ұрпақтың бойына осы жаман әдеттің кез келген азаматтың, одан қалды мемлекетіміздің дамуына балта шабатынына көз жеткізуіміз қажет. Болашақ ұрпақ бойында ұлттық құндылықтарымызды қалай дарытсақ, сыбайлас жемқорлықтың да қияметін солай үйретуіміз қажет.

Қорыта келгенде, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген. Қара қылды қақ жарып, турасын айтып, дамыған мемлекет қатарына жету – мақсат. Тура жолды тандап, парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

Мен, Қазақстан Республикасының ұлтжанды азаматымын деген патриоттарымыздың түпкі мақсаты жемқорлықты жою, заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті күшейту және мемлекетіміздің шарықтап дамуына титтей де болса өз үлесін қосуы қажет.

Шәкәрім атамыз адалдық туралы:

Мақтан үшін мал жима, жан үшін жи.

Ғибадат пен адалдық ар үшін жи – дегендей бақыттың өзі адалдықпен келеді. Жемқорлық – індет, онымен күресу – міндет! Баршаңызды

парасаттылық идеологиясын насихаттауға, жемқорлық атты зұлымдыққа белсенді түрде төтеп беруге шақырамын.

Комплаенс қызметі бойынша
жауапты қызметкерінің м.а:



Абилдаева С.М.